

Халықаралық "Интеграция" қоры туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 15 қазан 1994 ж. N 1934. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2001.09.04. N 677 Жарлығымен. ~U010677

ТМД мемлекеттерінің, әлемдік қауымдастықтың басқа да елдерінің экономикада, саясатта, мәдениетте, өндірістік және әлеуметтік салаларда ынтымақтасу процесін нығайту мен дамытудың маңызын, мемлекетаралық байланыстар қызметінің тетігін қалпына келтіру мен одан әрі жетілдіру, сондай-ақ Евразиялық Одақ құру жөніндегі идеялар мен ой-ниеттерді іске асыру қажеттігін ескеріп, қаулы етемін:

1. Халықаралық "Интеграция" қорын (бұдан әрі Қор) құру мен оның жарғылық мақсаты мақұлдансын.

2. Қорға ТМД елдерімен және әлемдік қауымдастықтың басқа да елдерімен әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси салаларда ынтымақтасудың үкімет бағдарламаларын әзірлеу мәселелерінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілі құқығы берілсін.

3. Министрлер Кабинеті, министрліктер, ведомстволар, облыстардың және Алматы қаласының әкімдері Қордың және оның жергілікті жерлердегі құрылымдарының қалыптасу мен дамуына жан-жақты жәрдем мен көмек көрсететін болсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті